



Стратегиялық әріптестіктің бастауы

3-бет



Саяси бөлет бұзылған кезде

6-бет



Қазақстан режиссерлерін не қызықтырады?

14-бет

# EGEMEN QAZAQSTAN

№174 (30153) 15 ҚЫРКҮЙЕК, СӘРСЕНБІ 2021 ЖЫЛ

Жүз жылдық жылынама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

## Жеделхат жолдады



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлыбританияның Премьер-Министрі Борис Джонсонға көңіл айтты, деп хабарлады Мемлекет басшысының баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы Ұлыбританияның Премьер-Министрі Борис Джонсонға анасы Шарлотта Джонсон Уоллдың қайтыс болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

– Қазақстан халқының және жеке өзімің атымнан Жоғары Мәртебелі Сізге және отбасыңызға орны тоқмас қайғыға байланысты көңіл айтамын. Миссис

Джонсон Уолл аса көрнекті тұлға болатын. Ол өзінің тамаша туындыларымен Біріккен Патшалықта және одан тыс жерлерде заманауи өнердің дамуына, ілгерілеуіне елеулі үлес қосты. Аяулы анаңыз жайлы жақсы естеліктер оны білетін адамдардың жүректерінде және жадыларында сақталатынына сенімдімін, – делінген жеделхатта.

### РЕСМИ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

### Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы

#### ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Әскери және қызметтік борышын атқаруда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін наградталсын:

#### I дәрежелі «Айбын» орденімен

- Әлімбаев Саят – Қорғаныс министрлігі № 28349 әскери бөлімі командирінің орынбасары (материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша) – материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы
- Занкин Сергей Владимирович – Төтенше жағдайлар министрлігі Жамбыл облысы төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі № 3 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы

- Қырғызалиев Ерлан Рысқұлбекұлы – Қорғаныс министрлігі № 28349 әскери бөлімі сақтау (инженерлік-өк дәрілерді) бөлімшесінің бастығы – аға офицері; (марқұм)

#### III дәрежелі «Айбын» орденімен

- Әділбек Әділет Қанатбекұлы – Төтенше жағдайлар министрлігі Жамбыл облысы төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі № 4 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндірушісі-құтқарушысы
- Кеңес Әліби Бексұлтанұлы – Төтенше жағдайлар министрлігі Жамбыл облысы төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі № 4 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндірушісі-құтқарушысы
- Қуатбек Ғафан Жомартұлы – Төтенше жағдайлар министрлігі Жамбыл облысы төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі № 1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің автомобиль жүргізуші-қызметкері

- Тұрманов Жәнібек Жасұзақұлы – Төтенше жағдайлар министрлігі Жамбыл облысы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі № 1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндірушісі-құтқарушысы.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті  
**Қ.ТОҚАЕВ**

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 13 қыркүйек  
№ 660

### КӨКЕЙКЕСТІ

## Халқы көшкен ауылдар бос қалып жатыр

Жаңа жайлы тұрмыс үшін ауылдан қалаға көшу қай заманда да қалыпты құбылыс саналған. Алайда соңғы жылдардағы еліміздің ішкі көші-қон саясаты ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл үрдістің стихиялы сипат алып кеткені соншалық, республикада былтыр тұрғындар санының азаюына байланысты оннан астам қала мәртебесіне сай болмай шықты.

Әльвира СЕРІКҚЫЗЫ,  
«Egemen Qazaqstan»

Деректер бойынша, өткен жылы ішкі көші-қон деңгейі 59,1 пайызды құраған. Ал жылдан-жылға ірі қалалар халқының саны артып барады. Сарапшылар

көшіп-қону үрдісін ғаламдық әрі қалыпты құбылыс дегенмен де, Қазақстан жағдайында ел Үкіметі үшін қала инфрақұрылымын миграция толқынына дайындау, ауыл-аймақтарға жағдай жасау мәселесі көкейкесті болып қала береді.

(Соңы 9-бетте)

### КҮПТІ КӨҢІЛ

## Ринг сыртындағы «бокс»

Токио Олимпиадасынан кейін «Қазақстан боксы құрдымға кетіп барады» деген сынайда түрлі әңгімелер айтылып жатыр. Осы саланың басы-қасында жүрген мамандар мен көптеген жанкүйерлер тарапынан айтылған сынды біз орынды деп есептейміз.

Ғалым СҮЛЕЙМЕН,  
«Egemen Qazaqstan»

Осыған дейінгі Олимпия ойындарының бірде-біреуінен бас жүлдесіз оралмаған, тіпті үнемі үздіктер қатарынан көрініп жүрген былғары қолғап шеберлеріміз Күншығыс елінде оңбай сүрінді. Расында да, барша жұрт бес жыл бойы тағатсыз-дана күткен ғаламдық додadan

еліміздегі №1 спорт түрі өкілдерінің небәрі екі қола медальмен оралуы көңілімізге кірбің түсіргені рас.

Жуан жұдырықты жігіттеріміздің жарқын жеңісіне жанкүйерлердің де әбден еті үйреніп қалған еді. Әр Олимпиада сайын кемінде бір алтын, бірнеше жүлде және де тәуелсіздік алғалы бері отандастарымыздың Баркер кубогын үш рет иеленуі – ел

спорттың әлемдік қоғамдастық алдында абыройын асқақтатып, мерейін өсірді.

Осындай зор табыстарымыздың арқасында Қазақстан боксының даңқы алысқа жайылды. Бірақ Токио Олимпиадасынан кейін барлық еңбегіміз жоққа шыққандай. Қуанышымыз да су сепкендей басылды. Жапонияның астанасында өткен жарыс Қазақстан боксында қордаланып қалған біраз проблеманың бар екенін байқатты. Ең бірінші кезекте, дайындық жұмыстары дұрыс жүргізілмеді деген ыңғайда әңгімелер айтылды.

(Соңы 15-бетте)

## Өңірдегі жұмыстарға оң баға берілді



Нұрсұлтан Назарбаев Жамбыл облысындағы әлеуметтік-мәдени нысандарға барды, деп хабарлады Елбасының баспасөз қызметі.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті алдымен Жамбыл облысының әкімі Б.Сапарбаевпен кездесті. Кездесуде Елбасына әскери қоймадағы жарылыстан зардап шеккен Байзақ ауданы тұрғындарына көмек көрсету шаралары және қалпына келтіру жұмыстары туралы мәлімет берілді.

Жамбыл облысының әкімі Елбасыға өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылу

барысы жайлы, сондай-ақ аграрлық сектордағы мәселелерді шешуге және халықты жұмыспен қамтуға бағытталған шаралар туралы баяндады. Қазақстанның Тұңғыш Президенті өңір басшылығының жұмысына оң баға берді.

Кездесуден кейін Елбасы «Әлжан ана» тарихи музейінің қызметімен танысып, мекеме аумағына ағаш отырғызу рәсіміне қатысты. Қазақстанның Тұңғыш Президенті, сондай-ақ ауылдағы Мәдениет үйіне барды. Бұл Мәдениет

үйінде кітапхана және түрлі үйірмелер жұмыс істейді, 250 орындық концерт залы бар. Н.Назарбаев Жамбыл облыстық филармониясының өртістері мен аудандық Мәдениет үйінің шәкірттері орындаған музыкалық шығармаларды тыңдады.

Сонымен қатар Қазақстанның Тұңғыш Президенті спорттық-сауықтыру кешенінің жұмыс барысымен танысты. Аталған кешенде ауқымды арена, әмбебап зал және күрес пен боксқа арналған зал бар. Бүгінде спорттық-сауықтыру кешенінде төрт жүзден астам бала мен жеткіншек спорттың еркін күрес, тхэквондо, каратэ, волейбол, футбол, бокс сынды алты түрі бойынша жаттығады.

### ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

## Бизнеске бақ болған мораторий мерзімінен бұрын аяқтала ма?

Бытыр Президенттің пәрменімен шағын және микро бизнесті тексеруге мораторий жарияланды. Сөйтіп, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар 2020-2023 жылдар аралығында бизнес субъектілерін тексеру құқығынан айырылды. Алайда жуырда Қаржы министрлігі межелі мерзімі аяқталмаған мораторийдің күшін жою туралы бастама көтерді. Әлбетте, бизнес өкілдері бұған мүлдем қарсы.

Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ,  
«Egemen Qazaqstan»

### Кассалық тәртіп төмендеп кетті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мораторий туралы Қаулысы 2019 жылғы желтоқсанның соңында қабылданып, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгені есімізде. Бұл кадамның карантиндік

шектеулерден зардап шеккен кәсіпкерлерге айтарлықтай қолдау болғаны да анық.

Дегенмен осыдан екі апта бұрын Үкімет отырысында Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев аталған мораторийдің күшін жойып, шағын және микро бизнесті тексеруді қайта қолға алуды ұсынды. Айтуынша, үш жылдық шара қалпына келтіріліп, төмендетіп жіберген. Жосықсыз кәсіпкерлер

бастаманы салықтан жазасыз жалтарудың мүмкіндігі ретінде қабылдаған. Министр бұл кадам мемлекеттік бюджет кірістерінің ұлғаюын қамтамасыз етеді деп сендірді.

Бірнеше күн бұрын Орталық коммуникациялар қызметінде ұйымдастырылған брифингте Қаржы вице-министрі Марат Сұлтанғазиев ведомствоның неліктен мұндай бастама ұсынғанын егжей-тегжейлі түсіндіріп берді. Оның айтуынша, министрлік бизнеске салық салуды қайтару керек деп отырған жоқ. Тек, 2022 жылдан бастап оларды тексеруге рұқсат берілсе дейді. Оның өзінде тексеру қалпына келтірілген пайдаланбайтын қорларды тезге салуға керек екен.

(Соңы 7-бетте)

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ (НАРЫҚТЫҚ) БАҒАМДАРЫ:

EUR/KZT 503.02

USD/KZT 425.82

RUB/KZT 5.84

CNY/KZT 66.08



## Ұйым өкілімен кездесті



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев ЕҚЫҰ-ның БАҚ бостандығы жөніндегі өкілі Тереза Рибейромен кездесті. Кездесу барысында Сенат Спикері Қазақстан ЕҚЫҰ-ның қауіпсіздік, оның ішінде сөз бостандығын қамтамасыз ету жөніндегі негізгі бағыттарын ілгерілетуге мүдделі екенін атап өтті, деп хабарлады Палатаның баспасөз қызметі

«ЕҚЫҰ-ның Астана декларациясы қабылданғалы бері 10 жыл уақыт өтті. Бұл құжатта Еуроатлантикалық және Еуразиялық қоғамдастық елдері үшін қауіпсіздіктің бөлінбейтіндігі туралы негізгі тезис жазылған. Қазақстан ЕҚЫҰ қабылдаған қауіпсіздіктің негізгі үш бағыты: әскери-саяси, экономикалық-экологиялық және гуманитарлық салалардың маңыздылығын үнемі басты назарда ұстап келеді. Сондықтан біз сөз бостандығын қамтамасыз ету және БАҚ мәселелеріне ерекше мән береміз», деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы елімізде азаматтардың сөз бостандығы бойынша құқықтарын қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіру үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп келе жатқанын айтты. Сондай-ақ отандық медианы жаңғырту және боскеге қамалетті қазақстандық БАҚ-ты дамыту үшін де тиісті жағдайлар жасалып жатқанына назар аударды. Ол үшін «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» және «БАҚ туралы» заңдар қабылданды. Одан бөлек, Қазақстан БАҚ саласындағы халықаралық құжаттар базасын ратификациялады. Оның ішінде Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, Адам құқықтарының жалпы бірдей декларациясы және ЕҚЫҰ мен ЮНЕСКО-ның басқа да құжаттары бар.

Сұхбат барысында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға

алынған жүйелі реформалар жайы да сөз болды. Мәулен Әшімбаев ол реформаларды іске асыруда Парламент маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

«Президентіміздің елімізді жаңғырту бағдары аясында саяси реформалардың үш топтамасы ұсынылды. Қазіргі таңда мемлекеттік органдардың ашықтығы мен қоғам алдындағы есептілігін арттыруға арналған «Қоғамдық бақылау туралы» заң жобасы әзірленіп жатыр. Адам құқықтарын қорғау саласын күшейтуге баса мән берілуде. Сондай-ақ азаматтарға қарсы және адам саудасымен күрес, азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғау жөніндегі заңнамаларды жетілдіру бойынша жұмыс жүргізіліп келеді», деді М.Әшімбаев.

Сенат Спикерінің айтуынша, әлем бойынша цифрлы медиа-ортаны дамыту азаматтардың сөз бостандығын қамтамасыз етудің шешуші факторына айналды. Заманауи медиа технологиялар және олардың дамуы бір жағынан жаңа мүмкіндіктерге жол ашса, екінші жағынан түрлі сын-қатерлерді де тудырғаны сөзсіз. Мәулен Әшімбаев бұл мәселелерді тиімді шешу үшін халықаралық қоғамдастық белсенділік танытуға тиіс екенін сөз етті.

Кездесу соңында Сенат Төрағасы ЕҚЫҰ өкілі Тереза Рибейроның елімізге сапары Қазақстан мен Ұйымның ынтымақтастығын одан әрі арттырып, екіжақты байланысқа тың серпін беретініне сенім білдірді.

парламент мүшелері белсенді қатысты. Форумға белсенді қатысушылардың арасында Ұлыбританияның еңбек партиясының бұрынғы жетекшісі Джереми Корбин болды.

Жоғары қатысушылар жандық ядролық қарусыздануды ілгерілетудегі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи миссиясы мен рөлін ерекше атап өтті.

Конференцияға қатысушылар Семей ядролық полигонында 1949-1991 жылдар аралығында жүргізілген сынақтар ол жабылғаннан кейін де Қазақстанның экожүйесіне елеулі зиян келтіріп жатқанын айтты.

Талқылау барысында біздің заманымыздың ең өткір екі жаһандық проблемасы айтылды. Олар: климаттың өзгеруі мен ядролық соғыс қаупі – адамзаттың өмір сүруі мен әл-ауқатына экзистенциалды қатер төндіретіні, бір-біріне қауіпті түрде әсер ететіндігі баяндалды.

Конференцияға 60-қа жуық делегат тікелей қатысты, ал онлайн байланыс арқылы қатысқандардың саны 400-ге жуық.

## Экономика жақсарып келеді

Премьер-Министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында бірнеше мәселе, бірінші кезекте әдеттегідей елдегі санитарлық-эпидемиялық жағдай қаралды. Жаңа Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев мемлекеттік қызметші анттын қабылдады.

### Сұхбат ӘЛІПБАЙ, «Egemen Qazaqstan»

Денсаулық сақтау министрі Алексей Пойдың айтуынша, Қазақстанда соңғы екі аптада аурушандық 35%-ға төмендеді. Соңғы аптада республика бойынша сырқаттанушылық деңгейі аптасына 31 мыңнан 25 мыңға дейін 14%-ға төмендеді. «ДДҰ бағалауы бойынша Қазақстанда репродуктивті сан соңғы төрт апта ішінде бір саннан төмен, бұл пандемия бақылауда екенін және сырқаттанушылықтың тұрақты төмендегенін көрсетеді», деді А.Пой.

Министрдің айтуынша, соңғы екі аптада республиканың 5 өңірі «қызыл аймақтан» «сары аймаққа» көшті, олар: Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстары. Түркістан облысы «жасыл аймаққа». Қалған 11 аймақ – «қызыл аймақта». Министр атап өткендей, эпидемиялық жағдайдың оң динамикасы ауырғандардың санымен салыстырғанда, сауығып шыққан науқастар санының артуымен де дәлелденеді. Сонымен, соңғы аптада сауығып шыққан науқастардың саны апта ішінде ауруға шалдыққандар санынан 1,5 есе көп болды. Инфекциялық және реанимациялық төсектердің жүктемесі 35%-ға дейін төмендеді. Бүгінгі таңда вакцинанан бірінші компонентін 7,1 млн-ға жуық адам, екінші компонентін 6 млн адам алды.

Мәселені қорытындылаған А.Мамин Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында вакцинамен қамтуды ұлғайту жөніндегі жұмысты күшейту қажет екенін айтып, қазіргі басты міндет «қызыл аймақта» орналасқан өңірлерде сырқаттанушылық деңгейін тұрақты төмендету екенін атап өтті. Бұл үшін санитарлық-эпидемиялық ахуал, әсіресе Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында, Қарағанды, Павлодар, Ақмола облыстарында тұрақты бақылауда болуға тиіс. Үкімет басшысы білім беру ұйымдарында санитарлық нормалардың сақталуына ерекше бақылауда ұстауды тапсырды.

Үкімет отырысында еліміздің 2021 жылғы қаңтар-тамыз айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының және республикалық бюджеттің атқарылуының қорытындылары қаралды.

Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиевтің айтуынша, есепті кезеңде нақты және қызмет көрсету секторларында өсудің оң динамикасы, өндіруші емес секторлардағы инвестицияның жоғары өсуі, сауда балансының оң сальдосының сақталуы байқалуда. «Осы жылдың қаңтар-тамыз айында нақты сектордағы өсім 3,5%-ды құрады» деді ол. Қызмет көрсету саласында іскерлік белсенділік 2,3%-ға дейін өсті.

Өңдеу өнеркәсібі салалары бойынша фармацевтикалық өнім өндіру – 40,8%, машина жасау – 23,9%, оның ішінде автомобиль жасау – 34,2%, вагондар мен локомотивтер өндірісі – 48,9%, құрылыс материалдары – 11,6%, пластмасса бұйымдары – 26,5%, дайын металл бұйымдары – 18,6%, киім – 16,3% және жиһаз – 16,6% деңгейінде серпінді өсім көрсетіп отыр. Осы жылдың сегіз айында орындалған құрылыс

жұмыстарының көлемі 11,4%-ға өсіп, құрылыс секторы жоғары қарқын көрсетуде. Көрсеткіштің оң өсімі барлық өңір бойынша тіркелген.

Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаевтың айтуынша, биылғы сәуір мен тамыз аралығында жылдық инфляция 7%-дан 8,7%-ға дейін жылдамдады. Бағаның ай сайынғы өсуі 2008 жылдан бері алғаш рет тамызда ең жоғары болды. Инфляцияның өсу серпіні мен факторлары, экономиканың қалпына келу қарқыны және сәйкесінше сұраныс тарапынан күшейіп келе жатқан инфляцияға қарсы қысымды ескере отырып, Ұлттық банк биыл 13 қыркүйекте базалық ставканы 9,5%-ға дейін 0,25 пайыздық тармаққа көтерді. Экспорттаушылардың салық міндеттемелерін орындау үшін шетел валютасын сатуы мұнай бағасының төмендеуі аясында теңгенің құбылмалылығын реттеді. Бір ай ішінде ұлттық валюта бір АҚШ доллары үшін 425,42 теңгеге дейін 0,2%-ға әлсіреді.

Ұлттық қордың активтері биылғы тамыз соңында 56,9 млрд доллар болды. Биылғы тамызда Ұлттық қорға түскен түсімдер 420 млрд теңге, оның ішінде шетел валютасында 506 млн доллар немесе баламасында 215 млрд теңге болды. Алтын-валюта резервтері бір айда 1,8 млрд долларға ұлғайып, биылғы тамыздың соңында 36,8 млрд доллар құрады. Ұлттық қордың активтерін қоса алғанда, жалпы халықаралық резервтер бір айда 1,8 млрд-қа ұлғайып, 93,7 млрд долларды құрады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері жыл басынан бері зейнетақы жинақтарын алу қарқынының төмендеуі аясында 52 млрд теңгеге немесе 0,4%-ға ұлғайып, биылғы тамыздың соңында 12,9 трлн теңгені құрады.

Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың айтуынша, 8 айда мемлекеттік бюджетке 7, 139 трлн теңге сомасында кіріс түсті немесе жоспар 105,3%-ға атқарылды. Республикалық бюджетке 4,6 трлн теңге түсті немесе жоспар 100%-ға атқарылды. «Кірістер бойынша жоспар 30 млрд теңгеге асыра орындалды, оның ішінде салықтар – 17 млрд тт. Салықтар бойынша асыра орындаудың негізгі сомалары ішкі өндіріс тауарларына салынатын қосылған құн салығына, пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салыққа, корпоративтік табыс салығына тиесілі болды», деді Е.Жамаубаев.

Алайда шикі мұнайға салынатын экспорттық кеден бажы бойынша жоспар орындалмады. Бұл Теңіз кен орнында күрделі жөндеу жүргізілуіне және шикі мұнай өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты болды.

Жергілікті бюджеттердің кірістері 115%-ға атқарылды және 2,547 трлн теңгені құрады. Жоспар 332 млрд теңгеге, оның ішінде салықтар бойынша 280 млрд теңгеге асыра орындалды. Кірістер бойынша жоспарлар барлық өңірде асыра орындалды.

Мемлекеттік бюджеттің шығыстары 99,2%-ға, республикалық бюджеттің шығыстары 99,7%-ға, жергілікті бюджеттердің шығыстары 98,8%-ға атқарылды. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бюджеттердің

барлық деңгейлерінде атқарылу көрсеткіші жоғары.

Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтановтың мәлімдеуінше, биылғы 7 айдың қорытындысы бойынша шикізаттық емес тауарлар экспортының көлемі 23,4%-ға өсіп, 10,4 млрд долларды құрады. Соның ішінде, мыс пен катодтардың экспорты 40%-ға өсті, сондай-ақ феррокорытпалар жеткізу 26,7%-ға, болат прокатын жеткізу 95,4%-ға өсті.

Сонымен бірге COVID-19 негізінен қызмет көрсету нарығына әсер етті. Осы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша қызметтер экспорты 21,2%-ға немесе 1,5 млрд-тан 1,2 млрд долларға дейін қысқарды.

Жыл басынан бері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы 9,7%-ға өсті. Жалпы өсудегі үлесі 5,9 пайыздық тармақты құрап отырған көкөністер едәуір қымбаттады. Сонымен қатар ішкі нарықты жана піскен отандық көкөністерімен қанықтыру нәтижесінде тамыз айының ортасынан бастап бағалар тұрақтанып, төмендей бастады.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұловтың айтуынша, биыл 8 айдың қорытындысында еліміздің өңдеуші өнеркәсібінде оң үрдіс сақталды. Жиынтық көрсеткіш 105,8% құрады. «Машина жасау саласында өсім 23,9%-ды құрады. Автокөлік құралдары, трейлерлер және жартылай тіркемелер, машиналар мен жабдықтар өндірісі, өзге де көлік құралдары, компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар, электр жабдықтарын жасау, жөндеу және орнату артты», деді министр.

Түсті металлургияда нақты көлем индексі 97,3%-ды құрады. Маусымдық төмендеу бірінші кезекте тапсырыстар санының азаюына, «Қазқымс корпорациясының» Құсмұрын кенішіндегі өндірістің технологиялық желісінің жоспарлы реконструкциясына, сондай-ақ «Қазмырыш» кәсіпорнындағы жоспарлы күрделі жөндеуге байланысты болды.

Құрылыс материалдары өндірісі 111,6% болды. Оған жылы окшаулағыш материалдар, портланд-цемент, гипс, кірпіштер және құрылыс ерітінділері өндірісінің артуы есебінен көп жеткізілді.

Энергетика министрі Мағзұм Мырзағалиевтің айтуынша, көрсетілген кезеңде 56,1 млн тонна мұнай және конденсат өндірілді. Бұл осы жылға жоспарланған көрсеткіштің 99,3% құрайды. Есепті кезеңде Қарашығанақ жобасында жоспардың толық орындалуы байқалады. Себебі Орынбор газ өңдеу зауытында жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне орай газды қабылдау шектелді.

Теңіз жобасында аталған кезеңде 17,1 млн тонна мұнай өндіріліп, осы жылғы жоспар 100% орындалды. Қашағанда мұнай өндіру көлемі 10,2 млн тоннаны құрады, жоспар 102% жүзеге асты. Қарашығанақ жобасы бойынша бұл көрсеткіш 7,8 млн тонна болды. Бұл жоспардан 7% төмен.

Биылғы қаңтар-тамыз айларында 44 млн тонна мұнай экспортталды.

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев хабарлағандай, осы жылдың қаңтар-тамыз айларында жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 2%-ға ұлғайып, 2 887,9 млрд теңгені құрады. Бұл өсім негізінен мал шаруашылығындағы өндіріс көлемінің 3,6%-ға ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді.

«Бұл ретте өсімдік шаруашылығы өнімдері 919,7 млрд теңгеге өндірілді, бұл нақты мәнде

өткен жылдың тиісті кезеңі деңгейінен 1,3%-ға аз. Төмендеу вегетациялық кезеңде қалыптасқан топырақ пен атмосфера құрғақшылығына байланысты орын алып, дақылдардың өсуіне, дамуына теріс әсер етті», деді Ауыл шаруашылығы министрі.

Мәселені қорытындылаған А.Мамин Қазақстан экономикасының көрсеткіштері пандемияға дейінгі деңгейге жеткенін және сенімді қалпына келу серпінін көрсетіп отырғанын атап өтті. Биылғы сегіз айдың қорытындысы бойынша ІЖӨ өсімі 3%-ды құрады. Өңдеу өнеркәсібінде 5,8%-ға, сауда саласында 9,1%-ға, байланыс саласында 12,8%-ға, сондай-ақ құрылыста 11,4%-ға өсу қарқынының күшеюі жалғасуда. Осы жылдың 8 айында елімізде 8,9 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 10,5%-ға артық.

Биылғы қаңтар-тамыз айларының қорытындысы бойынша Алматы, Жамбыл, Қостанай, Маңғыстау облыстары және Шымкент қаласы барлық 7 негізгі макрокөрсеткіш бойынша, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары және Нұр-Сұлтан қаласы 6 көрсеткіш бойынша, Шығыс Қазақстан, Түркістан облыстары мен Алматы қаласы 5 көрсеткіш бойынша әлеуметтік-экономикалық даму өсімін қамтамасыз етті. Батыс Қазақстан облысы ең төменгі көрсеткішке ие.

Үкімет басшысы әкімдіктерге көрсеткіштердің төмендеуі мен баяулауы байқалатын экономика секторларында өсу қарқынын арттыруды, экономиканы одан әрі әртарапандыру, инвестициялар тарту және жұмыс орындарын құру жөніндегі жұмыстарды жалғастыруды тапсырды. Мемлекеттік органдардың басшылары мен әкімдерге бағаны ұстап тұруды күшейту, Сауда және интеграция министрлігіне Инфляцияға қарсы әрекет ету шаралары кешенін іске асыруды нақты үйлестіру тапсырылды. «Барлық өңірлер әлеуметтік-экономикалық дамуың жоспарланған көрсеткіштерін қол жеткізуді және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алға қойған міндеттерді тиімді іске асыруды қамтамасыз етуі қажет», деді А.Мамин.

Үкіметтің селекторлық отырысында өңірлердің алдағы күзгі-қысқы кезеңге дайындығы қаралды. Жылғытау маусымына әзірлік бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы Энергетика министрі Мағзұм Мырзағалиев, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов, Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетов, Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек, Павлодар облысының әкімі Әбілқайыр Сқақов баяндалды.

Үкімет басшысы әкімдіктерге инженерлік желілерде, білім беру, денсаулық сақтау объектілері мен үйлерде жоспарланған жөндеу жұмыстарының бәрін белгіленген мерзімде аяқтауды, аса қымса мерзімде жылғытау маусымын өткізуге әзірлік паспорттарын алуды қамтамасыз етуді, сондай-ақ барлық автономды жылу көздерін отынның нормативтік қорымен қамтамасыз етуді, көмір тапшылығына жол бермеу үшін өңірлерде көмір жеткізушілермен белсенді өзара іс-қимыл жасауды және коммуналдық-тұрмыстық қажеттілік үшін әрі тұрғындарға отын жеткізуге ұдайы мониторинг жүргізуді тапсырды.

## Қазақстанның батыл қадамын атап өтті

1946 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының бірінші отырысы өткен әйгілі ғимарат Орталық Вестминстер Холында Тұңғыш Президент – Елбасы Семей ядролық полигонын жабуы тарихи шешімінің 30 жылдығына орай жоғары деңгейдегі халықаралық форум өтті.

### Жолдыбай БАЗАР, «Egemen Qazaqstan»

Форум Нұрсұлтан Назарбаев Қоры, Қазақстанның Лондондағы елшілігі, Youth Fusion жастар ұйымының Ядролық қаруды таратпау және жою жөніндегі парламентшілері (PNNД) бірлесіп ұйымдастырған шара «гибридті түрде» өтті. Бұл оның жұмысына қатысушылардың санын шектемеуге мүмкіндік берді.

Қазіргі үрдістер мен болып жатқан шынай ахуалды ескере отырып, талқылау ядролық қатерлер мен жаһандық климаттық өзгерістер проблемасы арасындағы байланыс мәселесіне арналды.

Қазақстан Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі М.Тілеуберді, Нұрсұлтан Назарбаев Қоры атқарушы директорының орынбасары А.Марғұланұлы, сондай-ақ Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарттың атқарушы директоры Роберт Флойд қатысушыларды бейнеүндеу арқылы құттықтады.

Іс-шараға Ұлыбритания, Франция және басқа елдердің

## Байқау жеңімпаздары марапатталды

Елордада «Қазақстандағы климаттың өзгеруі» тақырыбымен өткен БАҚ өкілдері арасындағы байқаудың қорытындысы жарияланды. Байқауды БҰҰ-ның Қазақстандағы өкілдігі ұйымдастырды.

### Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Байқау қорытындысын БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори жариялады. Оның айтуынша, байқауға көптеген мақала келіп түскен.

«Байқау кезінде бүкіл Қазақстаннан жалпы саны 50-ге жуық мақала келіп түсті. Материалдардың бәрі БҰҰ-ның мұқият сүзгісінен өтті. Бағалау оңай болған жоқ. Климаттың

өзгеруі, биоалуандық, экожүйені сақтау мәселелерін қозғаған, терең ой туындататын мақалалар көп келді. Сондықтан жеңімпаздың анықтау қиынға соқты. Біз бұл мақалалардың шығармашылық деңгейіне, зерттеудің тереңдігіне, стиліне мән бердік. Өйткені бұл мақалалар мемлекет қайраткерлерін, өзге де тұлғаларды бұл проблемаға бейжай қарамауға шабыттандыруы керек еді», деді БҰҰ өкілі.

Сонымен Elorda aqparat ақпарат агенттігінің журналисі Дулат Төлепов байқаудың үшінші орын иегері атанды. Оған БҰҰ сертификаты

мен 350 мың теңгенің ваучері берілді. Екінші орын иегері SABAR Asia тілшісі Зульфия Раисоваға 650 мың теңге ваучері бұйырды. Бірінші орын алған Astana Times газетінің журналисі Жанна Шахметоваға 1 млн теңге сыйақы бұйырды.

«Бірінші орын иегері 10 жыл бойы омарташылықпен айналысып келе жатқан Алматы облысы кәсіпкерінің жеке әңгімесі бойынша керемет мақала әзірлеген. Бұл шабыттандырылғы әңгіме – экономикалық құндылық, экожүйені құрметтеу мен адамдарға және табиғатқа пайда әкелу сияқты ізгі ойлардың үлесімі. Оған Глазго қаласында өтетін COP26 шарасына сапарға жолдама және 1 миллион теңгелік ваучер берілді», деді Микаэла Фриберг-Стори.